



Жас Түркістан

Қыркүйек-қазан 5/2002

Ғалым
РАХМАНҚҰЛ
БЕРДІБАЙ



ҚАЙРАТ ТАНЫТҚАН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Мәкен УАҚТЕГІ

АЛМАС ЕСТЕКОВ

1993 жылы ақпан айында Жамбыл облыстық “Азат” қозғалысының тең төрағаларының бірі, сол кездегі халық депутаты Асқар Сырғабаев және мойынқұмдық Жақатай Ноғаев деген азаматтар біздің үйге келіп, мені тездетіп Алматыға бірге жүруге шақырды. АҚШ-тан Алмас Естекөв деген миллионер қандасымыз елімізге көмек көрсетуге келіпті. Біздің қалай болмасын, оған жолығуымыз қажет...

Сол кезде халық қалаулыларының көбі “Алматы” қонақ үйінде орналасқан еді. Асқар Сырғабаевтың бөлмесіне Ұлттық Жаңғыру орталығының төрағасы Дәурен Сатыбалды, Жақатай Ноғаев, Асқар және осы жолдардың авторы төртеуіміз жиналып, Алмас Естекөвке кездесуді жоспарладық. Біреулерден Алмас Ресейде жүр екен, бүгін-ертең келіп қалады хабары шықты. Алдында А.Естекөв пен Д. Сатыбалды кездескен екен. Дәукең жанын сала қимылдап келесі күндері, түстен кейін “Алматы” қонақ үйінде Алмаспен кездесетін болдық. А.Естекөв танымал әнші Нағима Есқалиевамен келмекші. “Орамал тән болмайды, жол болады” дегендей, Нағимаға гүл сыйлауды жөн көрдік.

Қонақтарымыз уәделескен уақытында келді. Жоғары қабаттағы бөлмемізге көтерілген соң, қонағымыз шәй-пәйға әуре болмауымызды, тек сұхбаттаса пікірлесіп отыруымызды өтінді. Өзінің айтуы бойынша Алмас Жамбыл облысындағы Мерке ауданында туған екен. Тәуелсіздік жолында күресемін деп, “ХАҚ” газетін шығарып, Желтоқсан көтерілісін көтеремін деген оның саяси көзқарастары жақпаған соң М.С. Горбачевтің тарапынан қудалауға ұшырап, 1990 жылы АҚШ-қа қоныс аударуға мәжбүр болады. Меркедегі ұстаздық қызметтегі анасы Алмас үшін сол кездегі идеология басшыларынан қуғындаулы зәбір көріп, кейін жүрек талмасына ұшырап көз жұмады. АҚШ-тан саяси пана сұрап барған шет ел азаматтарына күн көріс қамы үшін 2 мың доллар қаражат беру негізгі салты көрінеді. А.Естекөв күндіз-түні тынбай жүріп, 2-3 сағат қана демалып, әрі ағылшын тілін үйреніп, небәрі екі жылда-ақ миллионерлер қатарына қосылады.

Сөйтіп, 3-4 жылдан соң тәуелсіздікке жаңадан қолы жеткен Қазақстанға Алмас қонақты қаражат алып келіпті. Негізгі мақсаты: еліміздің астығын Ресейдің Түмен облысына өткізіп, Түменнің мұнайын АҚШ-қа алып, АҚШ қаражатын түгелдей Қазақстанда қалдыру. Сондай-ақ, кәсіпкерлікпен, жермен, шаруа қожалығымен айналысу-

шыларға да қол ұшын беру. Дәурен Сатыбалды мен Жақатай Ноғаев өз пікірлері бойынша А.Естекөвке түсініктеме берді. Кейіннен Ж. Ноғаевқа қаражаттай көмектесті (Бірақ Жақатай ол қаржыларды орынды жұмсамай, талан-таражға салды).

Өз кезегімде мен Қайрат Рысқұлбеков жайлы жан-жақты айтып едім, Алмас Қайраттың тағдырынан хабардар екендігін білдірді. Кезінде Желтоқсан көтерілісін халық депутаттарына қозғау сала көтерту үшін Мәскеуге дейін барғанын қысқаша ғана еске алды. А.Естекөвтың маған берген кеңесі: – Семей қаласы өте шалғай орналасқан. Алматы – Республика орталығы әрі жастар қаласы. Сондықтан да Қайраттың мәйігін Семейден Алматыға әкеліп жерлеу туралы газет беттерінен қоғамдық пікір тудырсаңдар, халық, қалың жұртшылық қолдаса Үкімет басшыларға қарсы болмас еді. Осы шараларды жөнге келтіріп алып, Вашингтондағы маған хабар беріңдер. Қайраттың мәйігін Алматыға әкелу шығындарымен қоса, оның сүйегін зерттеу үшін шақырылатын халықаралық дәрігер-сарапшыларға да қаражаттан көмектесемін деп ашық айтты...

Көп кешікпей, іле-шала 1993 жылы 18 наурызда “Алматы ақшамында” “Қайратты Алматыға әкелу қажет пе?!” атты мақалам шықты. Өкінішке орай, оқырмандардан қолдау болмады... Мүмкін өз пікірін білдірген азаматтар да табылған шығар. Өлде жоғарыдан газет редакторларына ескертулі қысым ұйымдастырылып, иігі бастама “жабулы қазап күйіндіс” қалды ма екен?! Оның үстіне туыстарына “Қайраттың күші” үшін 62 мың

теңге төлеп, анасы Дәметкен тәтеге қол қойдырып алған жоғарғы заң орындары мен үкімет адамдары оның өлімі жайлы істі толықтай жауып тастағылары келді. Біз осындай зиянды әрекеттерге тікелей қарсы болып, қаншама уақыт арпалыстық...

Шіркін, Алмас Естековтың ойлары іске асқанда, Желтоқсан көтерілісінің бұлңғыр да көмескі жақтары жарқырай ашылып, қазірде алшаңдап жүрген екіжүзді-қараниет опасыздардың абыройлары айрандай төгіліп, әбден масқаралары шыққан болар еді ғой, амал нешік...

Өткен жылдары Алматыға барған сапарымда, Алмастың жоғарыдағы айтқандарын толықтыра жаңғыртып өте сенімді жақын адамым мынадай сыр ашқан болатын:

— 1989 жылы А.Естеков, жанында бір-екі жолдасы бар, Желтоқсан көтерілісінің халқымызға тигізген қайғылы зардаптарын халық депутаттары арқылы көтеру үшін Мәскеуге сапар шегеді. Депутаттарға жолығу оңайға түспейді. Сессия басталарда халық қалаулыларының жан-жағын милиция қоршап, бөтен адамдарды жолатпайды. Бірақ басқа республикалардан барғандар өз тілдерінде дауыстап, депутаттарына апарған хаттарын қолдарын созып беріп жатады. Ал, қазақстандық депутаттар Алмас қанша айқайласа да жан-жаққа қарамай, бастарын төмен салбыратып бара жатады. Естеков әбден ыза болып, милицияның арасынан аяғын созып, Еркеғали Рахмадиевты теуіп жіберіпті...

Кешке қарай Алмас қонақ үйді жағалап, кезекші қыздарға шоколад сыйлап тіл табысып, депутаттардың жатын бөлмелеріне кіруге мүмкіндік

алады. Олжас Сүлейменовтың нөміріне бас сұқса, қасында біреу отыр екен. “Тыңшылар бар, дабыра қылып сөйлемдер” — деп, хаттарының бір данасын алып қалады...

Ең соңында М.Шахановтың бөлмесіне кірсе, Мұхаң еңкейіп аяқ киімін шешіп жатады. Ай-шайға қарамастан, А.Естеков:

— Сендер, бәрің қорқақсыңдар. Өзгелер өз елдерінен келгендердің хаттарын алып жатса, бастарың салбырап бізге қарамайсыңдар. Несіне депутат болып жүрсіндер, өңкей су жүрек, қорқақтар, — деп, ашына намысқа тиетін сөздер айтады. Шыдай алмаған М.Шаханов та білегін сыбанып: —Кім қорқақ? Сен не деп тұрсың, — деп, қызбалана жабысып қала жаздайды. Сонда Алмас: “Қорықпасаңыз Желтоқсандағы қайтыс болған боздақтар мен жапа шеккен жастар туралы неге айтпайсыңдар, міне хат” деп тапсырады... Қонақ үйден шыққан соң А.Естеков жолдастарына:

— Көресіндер, басқаларын қайдам, айтса тек Мұхтар Шаханов қана айтады, — депті.

Расында да кешікпей Мұхаң М.С.Горбачевтың өзін алдаусыратып, мінберден Кеңестер Одағымен қоса әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасайды. 2-3 күн өтпей, М.Шаханов қан-сөлсіз, боп-боз күйде Алматыға келе сала, Алмастарға:

— Жігіттер, 2-3 күнде халықтан 5 мыңдай қол жинап беріндер, — дейді. Азаматтар айтқан мерзіміне 10 мыңдай қол жинайды. Ақиқатын айтқанда, Парламенттік комиссия осылай құрылған екен.

Ал Алмас Естековтей ер-азаматтардың осындай ерен еңбектерін елеп, ескеріп жүрген жандар өлі байқалмай отырған сияқты.

ХАСАН ОРАЛТАЙ

1995 жылы ақпанда Алматыдағы Парламенттер үйінде “Азат” қозғалысының белсенді жетекшілерінің бірі болған халық қалаулысы Жасарал Қуанышәліге амандасуға бөлмесіне бас сұқтым. Белгілі заңгер-депутат Сұлтан Сартәев та сонда екен. Үшеуіміз әңгімелесіп отырғанда “Азаттық” радиосынанмын, Едіге Мағауинмін деп жас жігіт келді. Жасарал алыс шет елдегі үлкен жиынға қатынасып келіпті, сол жөнінде радиоға сұхбат жазды. Менімен танысқан соң Едіге келесі күні “Азаттықтың” Алматы бюросына шақырып, Қайрат Рысқұлбековтың өлімі туралы сұхбатты жазып алды. Е.Мағауин қоғам қайраткері Хасан Оралтай ағамыздың Алматыдағы “Достық” қонақ үйіне орналасқанын айтып, оған жолығып, танысуымды құптады.

1988 жылы Хасекеңнің “Ж.Қазақбаласы” деген лақап атпен Стамбул қаласында 1986-жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғалар туралы “Биік Түрік елі басылымдары” деген кітапты жарыққа шығарғанынан хабардар едім. Шығарма басқа тілдерге де аударылып, Алматыдан бастау алған тәуелсіздікке жол ашқан сол бір қасиетті оқиға мен оның қаһармандарын әлемге танытуға көп үлес қосқанды. Халықаралық “Алаш” сыйлығының алғашқы иегері Хасан ағамен жолығу онша қиынға түспеді. Ол кісімен амандасып, өзімді таныстыра келе, Қайраттың тағдыры туралы, ол жайлы жазылған кітапты жарыққа шығара алмай жүргенімді жеткіздім.

Хасекең кезінде Мұхтар Шахановқа Желтоқсан кө-

терілісі туралы 4 томдай құжаттар бергенін, Мұханның сол құжаттардан қандай нәтиже шығарғанынан хабарсыз екенін сездірді. Шет жұртта жүріп, Қайраттың өміріне араша түскендердің бірі болғанын, ол қайтыс болғанда қабырғасы қайысып қайғырғанын айтты. Сондай-ақ немереме Қайраттың атын бердім дегенде, ерекше тебірендім.

Үлкен қайраткер, ғалым, жазушы Хасан Оралтай:

— Осы кітабыңды Қазақстаннан қалай болмасын шығаруға тырыс. Кейін бір данасын жеткізсең, ағылшын, түрік тілдеріне аударып беремін. “Азаттық” радиосымен тығыз байланысқа шық, саған көп көмек болады деп, менімен жылы қоштасқан еді... Халқым, жұртым деп, қабырғасы қайысып, бар ауыртпалықтары мен қуаныштарын бірге бөлісе жүрген Хасан ағамыздың “Елімайлап өткен өмір” кітабының жарыққа шыққанын естіп қуанғаныммен, сол кітаптарды Қазақстанға таратуға тыйым салынғанына қатты ренжідім. Ол кітапты өзім оқымасам да “Жас Түркістан” журналында кеңінен шолу жасалынған жан-жақты мағдұматтар беріліп келеді. Менің көптеген таныстарым “Елімайлап өткен өмірді” оқығылары келіп, іздестіре сұрастыруда...

Х.Оралтайды “Достық” қонақ үйінде кездескелі бері көрген емеспін. Тек анда-санда “Азаттық” радиосынан өзгешеу, басқаларға ұқсамайтын үнін естіп тұрамын. “Жас Түркістаннан” ұлтжанды — отансүйгіштікке үндеген Хасан ағаның мақалаларын үзбей оқимын. Сондай-ақ мені толғандыратын жай — бала Қайрат қаншаға толды екен!?

Ол қалай өсіп ержетті? Қазақ елінің, жұртының бар екендігінен хабардар ма деген ойлар да баршылық. Халқымыздың мақтан тұтар қайраткері — Хасан атасы қарап жүрмей, Қайратқа “мың өліп мың тірілген” еліміз жайлы жан-жақты түсіндіріп жүрген де шығар...

БАТЫРХАН ДӘРІМБЕТ

1990 жылдардың басында құрылған “Азат” қозғалысына мүше болып, Алматыдағы жиындары мен ереуілдеріне қатынасып, шама-шарқымша қоғамдық жұмыстармен айналыса бастап едім. Сол кездерде өзім тұратын Мойынкүм ауданында да “Азат” қозғалысының бөлімшесін ашып, экология, жер мәселесі т.б. жұртшылықтың тыныс-тіршілігіне белсене ат салыстым...

Алматыда өткен жиындарда марқұм болып кеткен Михаил Есенәлиев ағамыздың жасаған баяндамалары тартымды-шынайлығымен ұнайтын. Сәбтқазы Ақатай, Хасан Қожа-Ахмет, Жасарал Қуанышәлі, Орал Сәулебай, т.б. азаматтармен таныстым. Орынсыз даурықпай, көп сөйлемей, негізінен ұйымдастыру мәселелерімен шұғылданып жүретін Батырхан Дәрімбетті де көріп тұратынмын. “Азат” газетін шығара бастағаннан-ақ, оны Мойынкүм ауданының тұрғындарына жаздыртумен тікелей айналыстым.

Республикада алғашқы болып тараздық Қыстаубай Байтуовтың Қ.Рысқұлбеков туралы “Топырағың торқа болсын, бауырым!” атты көлемді мақаласы “Азатта” жарияланды. Және де жаңадан ашылған Қайрат қоры жайлы да халықты хабардар етті. Кө-

кейтесті мақалалар да жазып тұрдым. Республикадағы ең алғашқы тәуелсіз басылым ретінде “Азат” шыншылдығы-өткірлігімен халық арасында үлкен беделге ие болып еді... Батырхан сол кездерде біртоға, байсалды, байыпты көрінетін.

Кейіннен “Азат” қозғалысы басшыларының арасына жік түсіп, бөліне бастағаннан-ақ, облыс-облыстар мен аудан-аудандарда түсініспестік жағдайлар қалыптаса бастады. Менімше, халықтық қозғалысқа айнала бастағанынан қауіптенген үкімет басшылары жандайшаптары арқылы “Азаттың” қайраткерлерінің арасында іріткі тудырғаны айдан-анық.

Осыларға қарамастан, етене жақын аралас-құралас болмасам да Батырханға жолыға қалсам, ауылдың хал-ахуалын сұрап, халықтың тұрмыс-тіршілігін білуге ұмтылатын. Кейінірек “Азаттық” радиосына қызметке тұрғанда да жер-жерлерде орын алған келеңсіздіктер туралы үзбей хабар берумен келеді. Б.Дәрімбеттің қазірде тұрақты бағдарламаға енгізген “Өзгерген дүниедегі Орта Азия”, “Тәуелсіздік талабы”, “Үкімет және оппозиция” хабарларын жұртшылық асыға күтіп, сүйсіне тыңдауда... Батырханның ең ізгі ерекше қасиеттерінің бірі жоғарғы басшысымақтардан жазықсыз зәбір көрген жандарға жаны ашып, ара түсетіндігі. Біздің атқарған еңбектерімізді көре алмай, публицист — жазушы Коммунар Табей мырза “Қазақ әдебиеті”, “Алматы ақшамы” газеттері мен “Қайсар рухты қазақ” кітабында жөнсіз қаралап, қызметіміз де, тіптен, өзімнің ар-ожданым да айтарлықтай нұқсан келтірді. Бірде жолығып қалып,

Коммунарлардың теріс пиғылды қылықтарын Бөкеңе түсіндіре келе, оның үстінен Алматыдағы Жетісу аудандық сотына талап-арыз бермек ниетімді білдіргенімде, шындыққа көзі жеткен соң ол қолынан келген көмегін аямайтынын айтты.

К.Табейдің ауырып қалдым, Астанаға кеттім деп, қашқактай уақыт созғанымен Батырхан мен Сейіткерім Қожаназар аға екеуі әрдайым жанымнан табылып, уақыттарын бөліп, әлденеше мәрте сотқа келіп жүрді. Соңында қаншама қашқанымен күтыла алмайтынын сезген жөнсіз қаралаушы Коммунар мырза судья Б.Шошықбаев пен Батырхан Дәрімбет, Сейіткерім Қожаназардың алдында менен кешірім сұрауға мәжбүр болды. Бірақ кейіннен К.Табей екі жүзділік танытып, өзімен келісілген менің талаптарымды орындамады.

Б.Дәрімбеттің шыншылдығы, батылдығы, әділдігі – ең негізгі қасиеттерінің бірі. Жоғары лауазым иелеріне жалтақтап, жағымпаздандуды білмейді. Кезінде құландық азамат Сәбит Садықовты сол кездегі облыс әкімі Амалбек Тшановтың қисынсыз қыспағынан қорғап, ара түсті. Тіптен, осы жорықсыздықтар туралы республикалық теледидар хабарында халық алдында Президентіміз Н.Назарбаевқа өткір сауал да тастады... Соңынан әділеттік жеңді... Жұмабаев деген облыс әкімінің қудалауына ұшырап, түрмеге түскен көкшетаулық Қайырғелді Әкімбековті де қорғап, оның босауына тікелей көмектесті. 1998 жылдары табан ақы, маңдай терлерімен тапқан еңбек ақыларын ала-алмай, амалсыздан ереуілден-ереуіл

ұйымдастырған жаңатастықтарға да жан-төнімен жәрдемдесумен болды. Батырхан сондай-ақ “Жеті басты жалмауыз айдаһармен” арпаласып қуғында жүрген азаматтың-азаматы Теміртас Тілеулесовке де қолынан келген көмегін аямауда. Осындай қауіп-қатерлі әрекеттермен айналысуға да қайтпас жүрек пен қайсарлы табандылық өркімнен табыла бермейтіні айдан-анық...

Б.Дәрімбет Мұстафа Шоқай атындағы халықаралық қор құрып, 1998-жылдан бастап, ардақты да асыл ағамыз негізін қалап кеткен “Жас Түркістан” журналын шығарып келеді. Тарихи-танымдық, ғылыми-көпшілік, ой-пікір журналына Жамбыл облысы бойынша өкілі қызметінде ат салысудамын. Жуырда осындай мақсатпен Әулие-Ата өңірі мен Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының елді мекендерін бас редактор Батырхан Дәрімбет, директор Көлдейбек Сансызбайұлы, ардақты-ақсақал Орналы Мұстафамен аралап қайттық. Әу баста біз Ақсу ауылындағы ұстаз Төрешүл Әлханұлының от басында кездесіп, Баласағұни атындағы орта мектепте ата-аналармен кездесу өткізін, кешіне Меркеге қонып, ертеңіне Т.Рысқұлов ауданының мектептерін аралай, кешке таман Байзақ ауданының орталығы Сарыкемер ауылының 4 мектебінің жетекшілерімен кездесулер өткіздік. Барлық ұстаздар жылы шыраймен қарсы алды. Ертеңіне Тараз қаласында “Азат” қозғалысының облыстық бөлімшесінің бұрынғы басшыларының бірі Аманкелді Слановтың ұйымдастыруымен облыстағы тәуелсіз ұйымдар жетекшілері-

мен кездестік. Хадиша Кәрібаева, Төлеміш Әбсәлімұлы, Қыстаубай Байғұов, Кәдірхан Баққараев, т.б. қатынасып өз ойларын ортаға салды.

Келесі күні Шымкент қаласына жеттік. Батырханның қарындасы Мәдинаның үйінде бұрынғы азаттықтар: Құлмағанбет Маханов, Жарқынбек Сейтінбетов, Шәкен Орынбекұлы, Ілесбек Байжанов, Шажат Оспанов, Аманкелді Есей т.б. Батырхан бастаған қонақтарды ерекше ықыласпен қарсы алып, “әкелері базардан келгендей” қуанды. Ертеңіне Бірлескен қазақ-түрік университетінің араб тілі мен тарих факультеттерінде және “Дарын” мектептерінде, лицейде, т.б. оқу орындарында үлкен кездесулер болып, “Жас Түркістан” журналы жайлы пікірлерді ортаға салдық. Мен болсам Халық қаһарманы Қ. Рысқұлбековтың жарқын өмірі жайлы жастарға әңгімелеп бердім. Сондай-ақ білім ордаларына “Мұстафа Шоқай” қорының көмегімен шыққан “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі” кітабын сыйладым.

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Мақтарал, Түлкібас, Сайрам аудандарын араладық. Түркістан қаласындағы Хасан Оралтай атындағы интернат-пансионатта болып, шәкірттермен жүздестік. Қызылорда облысының орталығында болып, Шиелі, Жаңақорған, Жалағаш, Қазалы, Қармақшы, Арал аудандарын аралап, жоғарыдай үгіт-насихат жұмыстарымен айналыстық. Сағат Жүсіп, Аязбай Маханов, Нұрбай Жүсіп сынды қайсар азаматтармен таныстым. Сағат Жүсіп он жылдан астам аттан түспей, әкімшіл-әміршіл жүй-

емен қажымай-талмай күресіп келсе, Нұрбай Жүсіп қатардағы мұғалім болса да, облыс әкімі Серікбай Нұрғисаевтің жағымсыз әрекеттерін ашық сынап келе жатқан бірден-бір азамат.

Арал қаласында тұратын Байбазар Жұмахметов ақсақалға сәлемдесуге кіргенімізде, ол Елбасы туралы көрген түсін айтып:

— Президентімізді бір топ адам қуып келеді, қолдарында шоқпар, сойыл. Ол біздің үйге қашып тығылып, — “Аға, мыналардан құтқара көрші” деп, қойныма кіріп кетеді. Сонда мен оған дереу:

*Пәтуа жоқ сөзінде,
Имандық жоқ өзіңде,
Қырық шайтан қиқулап,
Ойнақшиды көзіңде,*

кет әрі, — деп оны қатты итеріп жіберіп, ояна кетсем, қойнымда жатқан қара-ала мысығым екен дегенде біз қыран-топан күлкіге баттық... Осыдан 2 жыл бұрын Батырхан Арал өңірінде бағын сынап, парламенттік сайлауға үміткер қатарына түскен болатын. Менің өзім де оған көмектесуге барғым келіп еді, өкінішке орай, әйелім Зиякүл мен ұлым Мерей ауырып, ауруханаға жатып қалғандықтан жолым түспеген-ді. Жоғарыдағы азаматтар бас болып, бүкіл халық болып қолдап, Б.Дәрімбетке дауыс бергендерімен жоғарыдағылардың қысымды-бұрмалауымен экс-Премьер-министр Ұзақбай Қарамановтың бағы жанып, депутат болып кеткені жұртшылыққа мәлім. Осы жағынан халық, қалың көпшілік Қарамановты қуыршақ-депутат деп ұнатпайтын көрінеді. Әлі күнге дейін сайлау-

шылармен кездесулер өткізбеген. Менің байқағаным, Батырханның жерлестері болсын, басқа өңірдің азаматтары болсын, күшак жая қарсы алып, өз ойларын бүкпесіз айта, ашық пікірлесетіндігіне тәнті болдым. Ашығын айтқанымда, бұрындары Бөкеңмен тек аман-есендіктен арыға бармай, таныс жандардың қатарында ғана жүрген едім. Кейінгі екі апталық жол сапарында онымен етене жақындаса келе, тек саясаткер-ғалым ғана емес, қоғам қайраткер дәрежесіне көтерілген азаматтардың бір екеніне анық көзім жетті. Б.Дәрімбеттің мұраттас әріптестері еліміздің ғана емес әлемнің түкпір-түкпірінде екеніне күмәнім қалмады.

Тіптен, дастархан бастарындағы отырыстарда да ішімдік атаулыны мүлдем жолатпай, көбіне қоғамымыздың хал-ахуалы жайлы түсініктемелер беріп отыруды ұнатады. Өйткені ол шет ел сапарларына жиі шығып, саналуан қоғам қайраткерлерімен бас қосу жиындарына қатынасып, олардан сұхбаттар да алып, баспасөз құралдары арқылы жұртшылықты хабардар етіп отырады. Өткен жылы, күзге қарай шет ел қауымдастықтарының шақыруымен Лондонға барып, үлкен жиынға қатынасып, қазіргі оппозиция серкесі Әкежан Қажыгелдиннен сұхбат алып қайтқан болатын. Сұхбат “Азаттық” радиосынан берілді. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарын аралағанда көпшілік Батырханнан Әкежан Қажыгелдиннің тағдыры туралы сұраумен болды. Кейіннен осы сұхбат “Солдат” газетіне жарияланған соң, сол мақа-

ланы іздеп, бір-бірлерінен сұрап жүргендерді көптеп кездестірдім. Батырхан Дәрімбет Желтоқсан көтерілісінің 15 жылдығына орай “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі” кітабымды шығаруға тікелей көмектесіп, бүгінде қасіретті оқиғаға лайықты баға берілуі үшін қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, табанды түрде күресуде.

Батырхан жақында “Өркенниет” баспасынан “Азат қозғалысы” және “50 мақала” кітаптарын жарыққа шығарып, қоғамдық қызметпен айналысып жүрген әріптес жолдастары мен қалың оқырмандарын үлкен қуанышқа бөледі. Бұл кітаптарда Президентімізді немесе әкімдерді мақтау-марапаттау емес, керісінше Тәуелсіздікке қалай жеттік? Тәуелсіздік үшін кімдер күресті? Тәуелсіздіктің жемістерін кімдер көріп жатыр? Біздің елімізде президенттік пен парламенттік сайлаулар қалай өтті?! Тағы-тағы осындай көкейтесті де ащы шындықтар еш бүкпесіз шынайы айтылады...

Басқа да мен танитын саясатшы қайраткерлерден Батырханның өзгешелігі мен ерекшелігі: Табанды да тұрақтылығымен қоса батыл және бірбеткей. Алған бағытының дұрыстығына көзі жетсе, содан бір табан да шегінбей, жеңіске жетпей тынбайды. Батырхан Дәрімбетке меніңше, Парламент депутаттығының орындығы тарлық ететін сияқты. Кем дегенде, ақпарат-қоғамдық келісім, немесе, сыртқы істер министрі лауазымдары орынды. Ең дұрысы, Премьер-Министр болуға, тіптен, Елімізді басқаруға да лайықты азаматтардың бірі деп танымын.